

АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚТЫҚТЫ ҚЫСҚАРТУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ КОНВЕНЦИЯСЫ

30 тамыз 1961 ж.

Уағдаласушы мемлекеттер,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1954 жылғы 4 желтоқсанда қабылдаған 896 (IX) Резолюцияға сәйкес әрекет ете отырып,

азаматтықтың болмауын халықаралық келісіммен азайту қажеттілігін назарға ала отырып,

төмендегі туралы келісімге келді:

1-бап

1. Уағдаласушы мемлекет өз аумағында туылған, басқаша азаматтығы жоқ адамға өз азаматтығын береді. Мұндай азаматтық мына жағдайларда беріледі:

а) туылған кезде, заң бойынша немесе

б) мүдделі тұлғаның өзі немесе оның атынан тиісті өкіметтердің алдында мемлекеттің заңына сәйкес өтінім жасау бойынша. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес өтінімдерді қабылдаудан бас тартылмауы тиіс.

Өз азаматтығын беретін Уағдаласушы мемлекет осы тармақтың «б» тармақшасына сәйкес заңға байланысты өз азаматтығын мемлекеттің заңымен анықталуы мүмкін жаста және шарттарды ескерумен бере алады.

2. Өз азаматтығын беретін Уағдаласушы мемлекет осы тармақтың «b» тармақшасына сәйкес өз азаматтығын беруді келесі бір немесе бірнеше жағдайларға тәуелді ете алады:
 - a) өтінім Уағдаласушы мемлекет белгілеген мерзімде, он сегіз жастан кешіктірмей басталып және жиырма бір жастан кеш емес аяқталып, бірақ мүдделі тұлғаның заңды рұқсат алу қажетінсіз өзі өтініш бере алатын жоқ дегенде бір жылы бар болатындай түрде беріледі;
 - b) мүдделі тұлға әдетте Уағдаласушы мемлекеттің аумағында осы мемлекет белгілей алатын мерзімде тұрады, егер бұл мерзім тікелей өтінім берілгенге дейін бес жылдан немесе жалпы алғанда он жылдан аспаса;
 - c) мүдделі тұлға мемлекеттік қауіпсіздікке қарсы қылмыс жасағаны үшін сотталмаған болса және оған қылмыстық айыптау бойынша бес және одан көп жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалмаған болса;
 - d) мүдделі тұлға әрқашанда апатрид болған.
3. Осы баптың 1 "b" және 2 тармақтарының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы мемлекеттің аумағында некеде туылған, анасында осы мемлекеттің азаматтығы бар, басқаша жағдайда азаматтығы жоқ болатын бала, туылған кезде осы азаматтықты алады.
4. Уағдаласушы мемлекеттер өз азаматығын басқаша жағдайда азаматтығы жоқ болатын және аумағында туған Уағдаласушы мемлекеттің азаматтығын өтініш беру қажет жастан асып кетуі немесе тұрудың талап етілетін шарттарын орындамағаны себепті сатып ала алмайтын тұлғаға береді, егер бұл тұлға туған кезде оның ата-анасының бірінің азаматтығы бірінші көрсетілген Уағдаласушы мемлекеттің азаматтығы болып табылса. Егер мүдделі тұлға туылған кезде оның ата-анасының азаматтықтары бірдей болмаса, онда оған әкесінің немесе анасының азаматтығын беру туралы мәселе осы Уағдаласушы мемлекеттің заңының негізінде анықталады. Егер мұндай азаматтықты алу үшін өтініш қажет болса, онда мұндай өтініш тиісті өкіметтерге мемлекет заңының талаптарына сәйкес өтініш берушімен немесе оның атынан берілуі тиіс. Осы

баптың 5-тармағының ережелерін ескере отырып, мұндай өтініштерді қабылдаудан бас тартылмауы тиіс.

5. Осы баптың 4-тармағының ережелеріне сәйкес Уағдаласушы мемлекет өз азаматтығын беруді келесі бір немесе бірнеше жағдайларға тәуелді ете алады:

а) Өтініш өтініш беруші Уағдаласушы мемлекет белгілеген жасқа жеткенге дейін беріледі, ол жас жиырма үш жастан кем болмауы тиіс.

б) Мүдделі тұлға өтініш берілетін уақыттың тікелей алдындағы осы мемлекет белгілеуі мүмкін үш жылдан аспайтын уақыт ішінде Уағдаласушы мемлекеттің аумағында үнемі тұрады.

с) Мүдделі тұлға әрқашанда апатрид болған.

2-бап.

Уағдаласушы мемлекеттің аумағында табылған тастанды бала оның туылған жері анықталмағандықтан, осы аумақта, осы аумақтың азаматтығы бар ата-анадан туылған болып саналады.

3-бап.

Осы Конвенцияға сәйкес уағдаласушы мемлекеттердің міндеттемелерін анықтау мақсаттарында кемеде немесе әуе кемесінде туылған бала, мән-жайларға байланысты, осы кеме туының астында жүзетін мемлекеттің аумағында немесе осы әуе кемесі тіркелген мемлекеттің аумағында туылған болып саналады.

4-бап.

1. Уағдаласушы мемлекет өзінің азаматтығын өз аумағында туылмаған, басқаша азаматтығы жоқ тұлғаға береді, егер бұл тұлға туылған кезде оның ата-анасының бірінің азаматтығы сол мемлекеттің азаматтығы болса. Егер ол туылған кезде оның ата-анасының азаматтықтары бірдей болмаса, онда мүдделі тұлғаның азаматтығы әкесінің азаматтығы немесе анасының азаматтығы болуы-болмауы туралы мәселе осы Уағдаласушы мемлекеттің заңымен анықталады. Осы тармақтың ережелеріне сәйкес, азаматтық мына жағдайларда беріледі:

- a) туылған кезде, заң бойынша немесе
 - b) мүдделі тұлғаның өзі немесе оның атынан тиісті өкіметтердің алдында мемлекеттің заңына сәйкес өтінім жасау бойынша. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес өтінімдерді қабылдаудан бас тартылмауы тиіс.
2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес, Уағдаласушы мемлекет өз азаматтығын беруді келесі бір немесе бірнеше жағдайларға тәуелді ете алады:
- a) Өтініш өтініш беруші Уағдаласушы мемлекет белгілеген жасқа жеткенге дейін беріледі, ол жас жиырма үш жастан кем болмауы тиіс.
 - b) Мүдделі тұлға өтініш берілетін уақыттың тікелей алдындағы осы мемлекет белгілеуі мүмкін үш жылдан аспайтын уақыт ішінде Уағдаласушы мемлекеттің аумағында үнемі тұрады.
 - c) мүдделі тұлға мемлекеттік қауіпсіздікке қарсы қылмыс жасағаны үшін сотталмаған;
 - d) мүдделі тұлға әрқашанда апатрид болған.

5-бап

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасында жеке мәртебенің қандай да бір өзгерісіне байланысты, мысалы: некеге, некені тоқтатуға, заңдастыруға, мойындауға немесе бала асырап алуға байланысты азаматтықты жоғалту қарастырылса, мұндай азаматтықты жоғалтуда басқа азаматтық алу шарты қойылады.
2. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес, некесіз туылған бала сол елдің азаматтығын туыстық байланыстардың мойындалуы салдарынан жоғалтса, оның тиісті органдарға жазбаша өтініш беру арқылы осы азаматтығын қалпына келтіруіне мүмкіндік беріледі; мұндай өтініш беруді анықтайтын шарттар осы Конвенцияның 1-бабының 2-тармағында көрсетілгеннен қатаң болмауы тиіс.

6-бап

Егер Уағдаласушы мемлекеттің заңы бойынша бұл тұлғаның осы азаматтықты жоғалтуына байланысты оның жұбайының немесе балаларының осы елдің азаматтығын жоғалтуы көзделсе, мұндай азаматтықты жоғалтуда басқа азаматтық алу шарты қойылады.

7-бап

1. а) Егер Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасы азаматтықтан бас тартуға рұқсат етсе, мұндай бас тарту азаматтықты жоғалтудың нәтижесі болып табылмауы тиіс, егер тиісті тұлға басқа азаматтық алмаса.

б) Осы тармақтың «а» тармақшасының ережелері оларды қолдану Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1948 жылғы 10 желтоқсанда мақұлдаған Адам құқықтары туралы жалпы декларацияның 13 және 14-баптарында көрсетілген принциптерге сәйкес келмеген жағдайларда қолданылмайды.
2. Уағдаласушы мемлекеттің қандай да бір шет мемлекетте азаматтық алуға өтініш білдірген азаматы азаматтығын жоғалтпайды, егер ол осы шетел мемлекетінің азаматтығын немесе бұл туралы тиісті кепілдік алмаса.
3. Осы баптың 4- және 5-тармақтарының ережелерін ескерген жағдайда, Уағдаласушы мемлекеттің азаматы кету, шетелде болу, тіркелуді жіберіп алу немесе осындай басқа да негіздер бойынша өзінің азаматтығын апатрид болатындай түрде жоғалтпайды.
4. Азаматтық алған тұлға өзінің азаматтығын сақтап қалу ниеті туралы тиісті органдарға мәлімдеу мерзімін жіберіп алуы салдарынан, тиісті Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасында айқындалғандай, шетелде кемінде жеті жыл үздіксіз тұру нәтижесінде азаматтығын жоғалтуы мүмкін.
5. Егер Уағдаласушы мемлекеттің азаматы осы мемлекеттің аумағынан тыс туылған болса, осы мемлекеттің заңы оның осы мемлекеттің аумағында кәмелетке толғаннан соң бір жылдан кейінгі уақытта тұруымен немесе тиісті органдарда тіркелуімен азаматтығын сақтауға мүмкіндік береді.

6. Осы бапта аталған жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы мемлекеттің азаматтығын жоғалту оның азаматтығы жоқтығына әкелсе, мұндай жоғалтуға осы Конвенцияның қандай да бір басқа ережелерімен тікелей тыйым салынбағанына қарамастан, тұлға Уағдаласушы мемлекеттің азаматтығын жоғалтпайды.

8-бап

1. Уағдаласушы мемлекет тұлғаны азаматтығынан айырмайды, егер азаматтығынан айыру оны апатрид етсе.
2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы мемлекеттің азаматтығынан тұлғаны айыру мына жағдайларда мүмкін болады:
 - a) 7-баптың 4- және 5-тармақтарына сәйкес тұлғаның азаматтықтан айырылуына жол берілетін жағдайларда;
 - b) Азаматтық бұрыс түсінудің немесе алдаудың салдарынан алынған жағдайларда.
3. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, егер қол қою, ратификациялау немесе қосылу кезінде ол мұндай құқықты келесі бір немесе бірнеше себептердің негізінде оның сақтауы туралы көрсетсе, Уағдаласушы мемлекет, мұндай себептер ол уақытта оның ұлттық заңнамасында бар болса, оны азаматтықтан айыру құқығын сақтай алады:
 - a) Уағдаласушы мемлекетке адалдық борышына қайшы тұлға:
 - i) Уағдаласушы мемлекеттің тыйым салуына қарамастан, басқа мемлекетке қызмет көрсетсе немесе қызмет көрсетуді жалғастырса, немесе басқа мемлекеттен сыйақы алса немесе алуды жаластырса, немесе
 - ii) өзін мемлекеттің өмірлік мүдделеріне елеулі нұқсан келтіретіндей ұстаса;
 - b) басқа мемлекетке адалдығы туралы ант қабылдаса немесе ресми мәлімдеме жасаса немесе Уағдаласушы мемлекетке адалдықтан бас тартуға бел буғандығының белгілі бір дәлелдерін берсе.

4. Уағдаласушы мемлекет мүдделі тұлға үшін соттың немесе басқа тәуелсіз органның бейтарап талқылауы құқығын көздеуі тиіс заңға сәйкес әрекет ететін жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы мемлекет осы баптың 2-немесе 3-тармақтарында көзделгендей азаматтықтан айыру бойынша өкілеттіктерді жүзеге асырмауы тиіс.

9-бап

Уағдаласушы мемлекет ешбір тұлғаны немесе адамдар тобын нәсілдік, этникалық, діни немесе саяси негіздер бойынша азаматтықтан айырмауы тиіс.

10-бап

1. Уағдаласушы мемлекеттердің арасындағы жер аумағын беру көзделетін кез келген шартқа бұндай берудің нәтижесінде ешкім де апатрид болмайтынын кепілдендіретін қаулылар кіруі тиіс. Уағдаласушы мемлекет ол осы Конвенцияның тарабы болып табылмайтын мемлекетпен жасасқан шартта осындай ережелердің бар болуын кепілдендіру үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы тиіс.
2. Мұндай ережелер жоқ болған жағдайда, оған жер аумағы берілетін немесе жер аумағын басқа жолмен иемденетін Уағдаласушы мемлекет осы берудің немесе сатып алудың нәтижесінде апатрид болатын тұлғаларға өзінің азаматтығын береді.

11-бап

Ратификациялау немесе қосылу туралы алтыншы құжат сақтауға тапсырылғаннан кейін, мүмкін болысымен бірден Уағдаласушы мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымының шеңберінде осы Конвенция бойынша құқыққа талаптанатын тұлға оның талаптарын қарау үшін және оны тиісті органдарға ұсынуға көмек алу үшін өтініш етуге болатын органның құрылуына ықпал ететін болады.

12-бап

1. Осы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағының немесе 4-бабының ережелеріне сәйкес туылған кезде өз азаматтығын заң бойынша бермейтін Уағдаласушы мемлекетке қатысты 1-баптың 1-тармағының немесе 4-бап-

тың ережелері, жағдайға қарай, осы Конвенция күшіне енгенге дейін туылған адамдарға, сонымен қатар ол күшіне енгеннен кейін туылған адамдарға қолданылады.

2. Осы Конвенцияның 1-бабының 4-тармағының ережелері ол күшіне енгенге дейін туылған адамдарға, сонымен қатар ол күшіне енгеннен кейін туылған адамдарға қолданылады.
3. Осы Конвенцияның 2-бабының ережелері Уағдаласушы мемлекеттің аумағында осы Конвенция күшіне енгеннен кейін табылған тастанды балаларға ғана қолданылады.

13-бап

Осы Конвенция азаматтығы жоқтықты азайтуға көбірек ықпал ететін және кез келген Уағдаласушы мемлекеттің қолданыстағы немесе күшіне енетін заңдарында қамтылуы мүмкін немесе екі немесе одан да көп Уағдаласушы мемлекеттер арасындағы кез-келген басқа да қолданыстағы немесе күшіне енетін конвенцияларда, шарттарда немесе келісімдерде қамтылуы мүмкін кез келген ережелерді қозғайтын ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

14-бап

Осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Уағдаласушы мемлекеттер арасында туындайтын, дауласушы тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзгеше тәсілмен шешіле алмайтын барлық даулар Халықаралық сотқа берілетін болады.

15-бап

1. Осы Конвенция халықаралық қатынастары үшін кез келген Уағдаласушы мемлекет жауапкершілік көтеретін, өзін-өзі басқармайтын, қамқорлықтағы, отарлық және метрополия емес басқа аумақтардың барлығына қолданылады; тиісті Уағдаласушы мемлекет осы баптың 2-тармағының ережелерін ескерумен қол қою, ратификациялау немесе қосылу кезінде метрополия емес аумақ туралы немесе осы қол қою, ратификациялау немесе қосылу нәтижесінде бұл Конвенция оларға қатысты автоматты түрде қолданылатын аумақ туралы хабарлайды.

2. Азаматтық мәні бойынша метрополия емес аумақ қолданатын өтінішті метрополия емес аумақ қолданбайтын жағдайларда немесе Конвенцияны бұл аумаққа қолдану үшін Уағдаласушы мемлекеттің немесе метрополия емес аумақтың конституциялық заңдары немесе іс-тәжірибесі метрополия емес аумақтың алдын ала келісімін талап ететін жағдайларда, Конвенцияға осы Уағдаласушы мемлекет қол қойған күннен кейін он екі айдың ішінде бұл Уағдаласушы мемлекет метрополия емес аумақтың қажетті келісімін кепілдендіруі тиіс; мұндай келісім алынғаннан соң, Уағдаласушы мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына хабарлайды. Бұл хабарламаны Бас хатшы алған сәттен бастап, осы Конвенция осы хабарламада көрсетілген аумаққа немесе аумақтарға қолданылады.
3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген он екі айлық кезең өткеннен соң, тиісті Уағдаласушы мемлекеттер халықаралық қатынастары үшін өздері жауапкершілік көтеретін және осы Конвенцияның қолданылуына келісім беруден бас тартқан метрополия емес аумақтармен консультациялардың нәтижелері туралы Бас хатшыға хабарлайды.

16-бап

1. Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымының орталық мекемелерінде 1961 жылғы 30 тамыздан бастап 1962 жылғы 30 тамызды қоса аралыққа дейін қол қою үшін ашық болады.
2. Осы Конвенция:
 - а) Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше кез келген мемлекеттер;
 - б) Біріккен Ұлттар Ұйымының келешекте азаматтығы жоқтықты түбірімен жою немесе азайту жөніндегі Конференциясына қатысуға шақырылған кез келген басқа да мемлекеттер;
 - с) Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Конвенцияға қол қоюға немесе оған қосылуға шақыру жолдауы мүмкін кез келген мемлекеттер атынан қол қою үшін ашық болады.
3. Осы Конвенция ратификацияланып, ратификациялау грамоталары Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылатын болады.

4. Осы Конвенция осы баптың 2-тармағында аталған мемлекеттердің қосылуы үшін оларға ашық болады. Қосылу Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына қосылу туралы актіні сақтауға тапсыру жолымен жүргізіледі.

17-бап

1. Қол қою, ратификациялау немесе қосылу кезінде кез келген мемлекет Конвенцияның 11, 14 немесе 15-баптарына ескертулер жасай алады.
2. Осы Конвенцияға қатысты басқа ескертпелерге жол берілмейді.

18-бап

1. Осы Конвенция ратификациялау немесе қосылу туралы алтыншы құжатты сақтауға тапсырған күннен бастап екі жылдан кейін күшіне енеді.
2. Алтыншы ратификациялау грамотасын немесе қосылу туралы актіні сақтауға тапсырғаннан кейін Конвенцияны ратификациялаған немесе оған қосылған барлық мемлекеттер үшін Конвенция тиісті мемлекет өзінің ратификациялау грамотасын немесе қосылу туралы актісін сақтауға тапсырған күннен кейінгі тоқсаныншы күні немесе осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес осы Конвенция күшіне енетін күні, қай күннің кейінірек болуына байланысты, күшіне енеді.

19-бап

1. Кез келген Уағдаласушы мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысының атына жазбаша хабарлама жіберіп, осы Конвенцияның күшін кез келген уақытта жою алады. Мұндай күшін жою Бас хатшы хабарлама алған күннен бастап бір жылдан кейін тиісті Уағдаласушы мемлекет үшін күшіне енеді.
2. 15-баптың ережелеріне сәйкес, осы Конвенция Уағдаласушы мемлекеттің метрополия емес аумағына қатысты қолданылса, бұл мемлекет осыдан кейін кез келген уақытта, тиісті аумақтың келісімімен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына осы Конвенцияның күшін жеке осы аумаққа қатысты жою туралы хабарлай алады. Мұндай күшін жою Бас хатшы хабарлама алған күннен бастап бір жылдан кейін күшіне енеді, Бас хатшы мұндай хабарлама мен оны алған күн туралы басқа Уағдаласушы мемлекеттердің барлығына хабарлайды.

20-бап

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелеріне және оның 16-бапта көрсетілген мүшесі емес елдерге келесі мән-жайлар туралы хабарлайды:
 - a) 16-бапқа сәйкес қол қою, ратификациялау және қосылу туралы;
 - b) 17-бапқа сәйкес ескертпелер туралы;
 - c) 18-бапқа сәйкес осы Конвенция күшіне енетін күн туралы;
 - d) 19-бапқа сәйкес күшін жоюлар туралы.
2. Алтыншы ратификациялық грамота немесе қосылу туралы акт сақтауға тапсырылғаннан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы 11-бапқа сәйкес онда аталған органды құру туралы мәселені Бас Ассамблеяның назарына ұсынады.

21-бап

Осы Конвенция ол күшіне енген күні оны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы тіркеуіне жатады.

Осыны куәландыру үшін төменде қол қойған өкілдер осы Конвенцияға қол қойды.

Нью-Йоркте бір мың тоғыз жүз алпыс бірінші жылғы отызыншы тамызда бір данада жасалды, ағылшын, қытай, орыс, испан және француз тілдеріндегі мәтіндерінің күші бірдей; бұл көшірме Біріккен Ұлттар Ұйымының мұрағатында сақталады және оның куәландырылған көшірмелерін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелеріне және оның мүшесі емес, осы Конвенцияның 16-бабында аталған мемлекеттерге жібереді.